

## Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының әкімдігінің 2009 жылғы 16 наурыздағы N 03/02 қаулысы. Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Әділет басқармасында 2009 жылғы 02 сәуірде N 8-10-78 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 24 желтоқсандағы N 18/37 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы әкімдігінің 2010.12.24 N 18/37 қаулысымен.*

2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қаулысына сәйкес Ақтоғай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Ақтоғай ауданы бойынша қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыратын аудан кәсіпорындарының, ұйымдарының мекемелерінің тізбесі, жұмыс түрлері мен көлемдері, қаржыландыру көзі қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. Қоғамдық жұмысқа қатысқан азаматтардың еңбекақысын айына төменгі бір еңбекақы көлемінде бекітілсін.
3. "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (А. Түсіпбеков) жұмыс берушілермен қоғамдық жұмыстарды орындауға типтік шарт жасасын.
4. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырушы аудан кәсіпорындары, ұйымдары, мекемелерінің басшыларына жеке еңбек шартының негізінде орындалатын жұмыстың саны, сапасы және күрделілігіне қарай бір төменгі еңбекақы мөлшерінде қосымша ақы төлеу немесе икемделген кесте бойынша толық емес жұмыс күнін ұйымдастыру ұсынылсын.
5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С. Әбеуоваға жүктелсін.
6. Осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің  
 міндетін атқарушы  
 Б.З. Тлеубергенов  
 КЕЛІСІЛДІ

Ауданның жұмыспен қамту және  
 әлеуметтік бағдарламалар  
 бөлімінің бастығы  
 А. Түсіпбеков

16.03.2009 жыл

Ақтоғай ауданының ішкі істер  
 бөлімінің бастығы  
 С. Дүйсебаев

16.03.2009 жыл

Ақтоғай аудандық мемлекеттік  
 мұрағаттың директоры  
 А. Есмағанбетов

16.03.2009 жыл

Ақтоғай ауданы бойынша  
 салық комитетінің төрағасы  
 Қ. Болғанбаев

16.03.2009 жыл

Сот орындаушыларының Ақтоғай аумақтық  
 учаскесінің сот орындаушысы  
 Н. Смағұлов

06.03.2009 жыл

Аудан әкімдігінің 2009 жылғы  
 16 наурыздағы N 03/02

қаулысына қосымша

**2009 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыратын Ақтоғай ауданы кәсіпорындарының, ұйымдарының, мекемелерінің тізбесі**

№	Кәсіпорын, ұйым, мекеме атауы	Адам саны	Жұмыстың түрлері	Қаржыландыру көзі	Жұмыс к, теңге
1	2	3	4	5	6
1	Ақтоғай селосы әкімінің аппараты	48	Аула аймақтарын көркейту, көгалдандыру, село көшелерін кездейсоқ қоқыстан тазарту, үй басын аралау, әскери міндетін атқаруға шақыру бойынша тұрғындармен жұмыс, шақыру қағазын жеткізу, бас бостандығынан айыру орындарынан босап шаққандармен профилактикалық жұмыс жүргізу.	Аудан бюджеті	1676340
2		4		Аудан бюджеті	215520

	"Аққайың" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны		Ақтоғай селосын көркейту, ауыз су жүйесін жөндеу.		
3	"Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығы" коммуналдық мемлекеттік казыналық кәсіпорны	4	Ж. Шайдаров атындағы демалу саябағын көркейту, көгалдандыру, жөндеу, тазалық жұмыстары.	Аудан бюджеті	215520
4	Ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	4	Ұлы Отан соғысының, еңбек ардагерлеріне киім, аяқ киім жөндеу, шаштараз қызметін көрсету, әлеуметтік төлемдер алуға құқығы бар азаматтарды анықтау, құжаттар өңдеу.	Аудан бюджеті	215520
5	Ауданның ішкі істер бөлімі	4	Қоғамдық тәртіпті сақтауға жәрдемдесу ( сарбаздар)	Аудан бюджеті	215520
6	Аудандық мемлекеттік мұрағат	6	Мұрағаттағы құжаттардың қалыпты сақталуына көмек	Аудан бюджеті	323280
7	Салық комитеті	4	Тұрғындармен жұмыс, көлікке және мүлікке салық төлеу хабарламаларын тарату	Аудан бюджеті	215520
8	С о т орындаушыларының Ақтоғай аумақтық учаскесі	2	Сот орындаушысының қызметіне көмек көрсету, шақыру қағаздарын тарату.	Аудан бюджеті	107760
9	Жидебай селолық округі әкімінің аппараты	5	Аула аймақтарын көркейту, көгалдандыру, тазалық жұмыстары.	Аудан бюджеті	269400
10	Қарабұлақ селолық округі әкімінің аппараты	2	Аула аймақтарын көркейту, көгалдандыру, тазалық жұмыстары.	Аудан бюджеті	107760
11	Сарытерек селолық округі әкімінің аппараты	2	Аула аймақтарын көркейту, көгалдандыру, тазалық жұмыстары.	Аудан бюджеті	107760
12	Нүркен селолық округі әкімінің аппараты	2	Аула аймақтарын көркейту, көгалдандыру, тазалық жұмыстары.	Аудан бюджеті	107760
13	Қызыларай селолық округі әкімінің аппараты	2	Аула аймақтарын көркейту, көгалдандыру, тазалық жұмыстары.	Аудан бюджеті	107760
14	Сарышаған поселкесі әкімінің аппараты	8	Аула аймақтарын көркейту, көгалдандыру, тазалық жұмыстары.	Аудан бюджеті	431040
15		2	Аула аймақтарын көркейту, көгалдандыру, тазалық жұмыстары.	Аудан бюджеті	107760

	Шабанбай селолық округі әкімінің аппараты				
16	Шашубай поселкесі әкімінің аппараты	6	Аула аймақтарын көркейту, көгалдандыру, тазалық жұмыстары.	Аудан бюджеті	323280
	Барлығы	105			4505000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК